



Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан

Астана қаласы, Ақорда

.../11/2022

**«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер
палатасының X съезіне қатысушыларға**

Құрметті съезге қатысушылар!

Баршаңызды «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының X съезінің ашылуымен құттықтаймын!

Отандық бизнес еліміздің экономикасын өркендетуге айрықша ықпал етеді. Біз нарықтық экономика құрып жатырмыз. Сол себепті өнеркәсіп саласында, экономикада өзгерістер жасау және елімізді дамыту жолында жауапты әрі мықты кәсіпкерлер қауымы басты рөл атқарады.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті өркендетуге баса мән беріледі. Соңғы он жылда осы саланың ішкі жалпы өнімдегі үлесі екі есе өсіп, 34 пайызға жетті. Бүгінде бизнесте 3,5 миллион адам еңбек етіп жүр.

Осы уақыт ішінде Кәсіпкерлер палатасы мемлекеттің толыққанды әріптесіне айналды. «Атамекеннің» микро және шағын бизнесті қолдауға, өңірлердегі кәсіпкерлікті дамытуға басымдық бере отырып, жасап жатқан ауқымды өзгерістері еліміздің алдында тұрған мақсат-міндеттерге толық сай келеді.

Сіздердің алдарыңызда мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылдап, жүзеге асыру, нарыққа сапалы сараптама жасау үдерісіне қатысу үшін жаңа тәсілдер әзірлеу міндеті тұр. Кәсіпкерлер палатасы отандық бизнестің бәсекелік

қабілетін арттыруға, қызметін жауапкершілікпен атқаруына ынталандыруға және жұмыс орындарын ашуға атсалыса отырып, билік пен іскер азаматтарды байланыстыратын тиімді арнаға айналуға тиіс.

«Атамекен» тауар өткізу нарығын кеңейтуге, рұқсат беру рәсімдерін жеңілдетуге, мемлекеттік сатып алу жұмысының қолжетімді болуына және сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға барынша септігін тигізуі керек.

Палата отандық кәсіпкерліктің бетке ұстар өкілдері мен шағын және орта бизнес субъектілері арасында өзара тиімді ықпалдастық орнатып, үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқарады.

Мемлекет шағын және орта бизнестің дамуына барынша жағдай жасап, кез-келген заңды кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсетеді және оны қорғайды. Микро және шағын бизнес өкілдерін тексеруге жарияланған мораторий тағы бір жылға ұзартылады.

Елімізде адал бәсеке, әлеуметтік жауапкершілік және жасампаз еңбек құндылықтарын басшылыққа алатын кәсіпкерлердің жаңа буыны қалыптасуы өте маңызды.

Қазақстанда бизнесті өңірлік қана емес, жаһандық деңгейде өркендетуге мол мүмкіндік бар.

Мемлекет Палатамен бірлесіп, ұлттық экономиканы монополиядан арылту, нарықтарды игеру, бәріне түсінікті әділ ойын ережесін қалыптастыру үшін жүйелі жұмысты жалғастыра береді.

Мемлекет пен бизнестің бірлесіп жұмыс істеуі елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға жол ашады деп сенемін.

Съезд жұмысы табысты болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!


Қасым-Жомарт Тоқаев